# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 17 қазан дело №7119-23-00-2/11278 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕРЛЕР:**
Жеке кәсіпкер «Барбарис» атауымен әрекет етуші Батыржан Бегайдарулы Раймкулов,
Жеке кәсіпкер «Ералиев» атауымен әрекет етуші Бағлан Мамадиярұлы Ералиев

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>**

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкерлер жеке кәсіпкер «Барбарис» атауымен әрекет етуші Батыржан Бегайдарулы Раймкуловты, жеке кәсіпкер «Ералиев» атауымен әрекет етуші Бағлан Мамадиярұлы Ералиевті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Барбарис» атауымен әрекет етуші Батыржан Бегайдарулы Раймкулов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ералиев» атауымен әрекет етуші Бағлан Мамадияруулы Ералиев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын

Жауапкер жеке кәсіпкер «Барбарис» атауымен әрекет етуші Батыржан Бегайдарулы Раймкуловтан талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 2 103 (екі мың бір жүз үш) теңге тұрақсыздық айыбы және 63 (алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ералиев» атауымен әрекет етуші Бағлан Мамадияруулы Ералиевтен талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 2 260 (екі мың екі жүз алпыс) теңге тұрақсыздық айыбы және 68 (алпыс сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Барбарис» атауымен әрекет етуші Батыржан Бегайдарулы Раймкуловтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ералиев» атауымен әрекет етуші Бағлан Мамадияруулы Ералиевтен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Ж.К.Жетібаев

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 17.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Жетибаев Ж. К., 30.11.2023

7119-23-3-1/11009